

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті  
Дәрігерге дейінгі дайындық кафедрасы

# СӨЖ

Тақырыбы: Дәрігердің қоғамдағы алатын орны және  
жауапкершілігі

Орындаған: Шазимов Э.Х.  
Тексерген: Жунусова Ж.С.

Қарағанды 2010

## Жоспар:

### Кіріспе

- Халық денсаулығы – баға жетпес байлық
- Дәрігерлік–жауапкершілікті, талап ететін жауапты қызмет.
- Науқас пен дәрігер арасындағы қарым – қатынас
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер



Халық денсаулығы – баға жетпес байлық, мемлекеттің қымбат қазынасы. Денсаулығы мықты адам ғана қоғамға лайықты қызмет етеді, оның гүлденуіне, экономикасын жақсартуға үлес қосады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың ұсынысымен біздің елде денсаулық сақтауды дамыту мен реформалаудың 2005 және 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жасалып, ол Елбасының 2004 жылғы 13 қыркүйектегі Жарлығымен бекітілген болатын.

Бұл бағдарлама республикамыздың медицина қызметкерлері алдына көптеген міндеттер жүктеп отыр.



Дәрігерлік мамандық – жауапкершілікті, біліктілікті талап ететін жауапты қызмет. Оның жұмысында ұсақ-түйек болмайды. Себебі, оның жұмысы адамның бұл өмірдегі ең қымбат денсаулығы мен өмірін сақтауға байланысты мамандық.

Түптеп келгенде, оның қолында адам өмірі, болашақ тағдыры тұр. Алдына үміт артып келген адамның көңілінен шығу, сенімін ақтау үлкен жетістік.

Көпшілік арасында білгір маман ретінде бағаланып, абыройға бөлену – әрбір дәрігердің басты мақсаты болғаны мақұл. Ол үшін ерінбей көп оқып-ізденіп, жалықпай үйреніп, білгенін көңілге тоқып, мол тәжірибе жиғаны ләзім. Сонда ғана ол жақсы маман, абзал дәрігер болады.



Дәрігер қазіргі зиялы қауымның алдыңғы толқынында болып, өзінің жоғары қабілетімен, мәдениетімен, ақжарқын мінезімен ерекшеленіп тұрғаны қандай жақсы!




Дәрігер болу - жауапкершілігі мол өте ауыр мамандық. Дәрігер күні де, түні де, тәуліктің кез келген уақытында жұмыс істейді. Науқастар өмірінің арасы болуға ұмтылады.

Бұған қосыла дәрігер адамның бойында адамгершілік, мейрімділік, кішіпейілдік болу қажет. Себебі жаны қиналған науқасқа дәрігердің айтқан жылы сөзінің сөзі үлкен демеу болады.

Дәрігер мен науқас байланысы өз табиғатында екі жақты ақпарат алмасуды көрсетеді. Дәрігердің көзқарасы бойынша, осы алмасу нәтижесі болып, науқас ауруының алдын алу немесе диагноз қою және емдеу жоспарын анықтау болады. Науқас көз-қарасы бойынша, ауру симптомдары дәрігерге айтылуы қажет.



Сондықтан бұл алмасу тиімді болуы үшін, дәрігер (ақпарат іздеуші) және науқас (ақпарат беруші) қажеттіліктері қанағаттанарлық болуы керек.



Бұл алмасу құрылымы күрделі. Яғни, ол ақпарат алу мақсатында қойылған ретті және ретсіз, нақтылайтын және анықтайтын сұрақтармен қажетті ақпаратты алу болып тафбылады. Бұл алмасуда вербальді емес коммуникация мысалы, үн қатпау, көзқарас, жест, сүйкену маңызды рөл атқарады.

Науқас пен дәрігер арасындағы қарым – қатынас 2-оғ жылдық ғылыми зерттеудің нәтижесі болса да, Ресейде бұл қарым-қатынастар арнайы орын алған жоқ.

Осы зерттеудің ұзақ мақсаты болып, дәрігер мен науқас арасында лингвистикалық қатынасу моделін бекітіп, өз алдында Ресейде және де халық аралық денсаулық сақтауда қолдану болып табылады.






Дәрігердің кәсіптік – психологиялық мәдениеті екі блоктан тұрады:

Бірінші блок – теориялық немесе теориялы – концептуальді, екінші блок тәжірибелік немесе психологиялық қызмет болып аталады.

Психологиялық мәдениеттің бірінші блогы теориялық қызметтің нәтижелерін көрсетеді



Екінші блок психологиялық қызмет көрсетуге байланысты.

Бұл қызмет адамның ішкі дүниесіне арналып, өзінің жеке ішкі әлеміне қызмет етеді.

Өзін-өзі тану қызметі адамның ішкі немесе басқа да қиындықтарын жеңу қабілетіне байланысты;

бұл тұлға шегеінен шыққан, өзіндік ішкі инстанцияның құралуымен байланысты тұлға аралық қызмет.

Осыған орай, дәрігер мамандығының психологиялық қызметі кәсіптік бақылау құндылықтарымен, мақсатымен, психологиялық мәдениетімен байланысты ішкі инстанциялардың құрылуымен жүреді. Бұлар дәрігер маманының қоршаған ортадағы мінезімен ерекшеліктерін анықтап, дәрігердің кәсіптік қызметіндегі өзін ұстауымен және әлеуметтік белсенділігінің психологиялық регуляциясын қамтамасыз етеді.

Мемлекетіміз заман талабына сай диагностикалық және емдік құрал-жабдықтар мен аппараттар алуға 42 фмилиард теңге қаржы жұмфясапты. Дәрі-дәрмекке келсек, оған 51 миллиардтан астам теңге бөлініпті.





Жаңадан салынған ғылыми медициналық орталықтар, ауруханалар мен емханалар ғимараттары бой көтерді. Бұрынғы жылдарға қарағанда, ауруханалар мен емханаларды күрделі жөндеуден өткізу де алға жылжыды. Алайда қаржыны тиімді пайдалану, кадр даярлау, дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру сияқты істермен қатар қолбайлау болып, адымды кең аштырмай отырған жайттар да жетерлік.

## Қорытынды

Денсаулық сақтау саласына бөлінетін мемлекеттік қаржы мөлшері де жылдан-жылға артып келеді. Медицина қызметкерлері елімізде жүргізіліп жатқан жаңа реформаға сәйкес біраз игілікті істер жоспарлап, бұл күндері оны іске асыруға бар күш-жігерін жұмсауда

## □ Қолданылған әдебиеттер

- Мухина С.А., Тарновская И.И. Общий уход за больными.- М. : Медицина 1989.
- Заликина Л.С. Основы сестринского дела: учебное методическое пособие- Смоленск, 1989.
- Гребенев А.Л., Шептулин А.А. Основы общего ухода за больными.- Медицина 1991.

